

**Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі
саласындағы әлеуметтік әріптестік жөніндегі
2024-2026 жылдарға арналған салалық келісім**

Біз:

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі (бұдан әрі - Министрлік),
«Қазақстан Республикасының автокөлікшілер одағы» заңды тұлғалар
бірлестігі, «Қазақстан Республикасының халықаралық автомобиль
тасымалдаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Қазақстан Автомобиль
Конвенті» заңды тұлғалар қауымдастығы, «Астана қаласының жолаушылар
тасымалы қауымдастығы» заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер бірлестігі
(бұдан әрі - Жұмыс берушілердің өкілдері), олардың әрқайсысы өз атынан және
оның құрамына кіретін автомобиль көлігі кәсіпорындар мен оның
бірлестіктерінің мүддесін жеке қорғайды,

«ҮНТҮМАҚ» орта және шағын бизнес жұмыскерлерінің қазақстандық
салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі -
Кәсіподақ),

тиісті құрылтай құжаттарының негізінде әрекет ететін, төменде өзінің
атынан қол қойған уәкілетті өкілдер бұдан әрі «Тараптар» деп аталады,

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек
кодексінің 152-бабының 2-тармағының ережелерін басшылыққа ала отырып,
осы Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы әлеуметтік
әріптестік жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған салалық келісімді (бұдан
әрі - Келісім) жасадық.

1-бөлім. Жалпы ережелер

Осы Келісім тараптардың әлеуметтік әріптестік жөніндегі негізгі құжаты
болып табылады және мыналарды белгілейді:

1) жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау, жүктерді
автомобильмен тасымалдау саланы мемлекеттік құқықтық және
ұйымдастырушылық реттеуге, автобус парктерінің, автовокзалдардың,
автостанциялардың және басқа да автокәсіпорындар жұмысының тиімділігін
көтеруге, сала жұмысшыларының еңбек құқығы мен әлеуметтік-экономикалық
қорғауды күшейту мен тіршілік деңгейін көтеруге бағытталған тараптардың
келісілген әлеуметтік-еңбек саясатын жүргізудің ортақ қағидаттар;

2) Жұмыс берушілердің өкілдері мен жұмыскерлер осы кепілдерді
кеңейту жөніндегі құқықтарын шектемей, ұжымдық шартқа енгізу үшін
ұсынған сала жұмысшыларының минималды әлеуметтік кепілдері;

3) тараптардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Келісімді орындау
барысында олардың өзара іс-қимыл, әріптестігі және диалогының негіздері.

2-бөлім. Тараптардың міндеттері

1. Министрлік елдің нақты экономикасының секторы ретінде
жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау, жүктерді автомобильмен

тасымалдау жүйесін дамытуға басым және жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетуге міндеттенеді, ол бірінші кезекте:

1) жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау - ол Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары ұйымдастыратын және тараптар конкурстық негізде тартылатын тасымалдаушылар болып табылатын, мемлекеттік атқару органдарының талаптарына сай тасымалдауды жүзеге асыратын және олардың заңмен белгіленген кепілді жәрдемқаражат бермесе болмайтын, шығыны алдын ала есептелген, әлеуметке бағытталған, кәсіпкерлік қызметтің жоспарлы шығынды түрі;

2) жүктерді автомобильмен тасымалдау – тасымалдаушылар халықаралық және республикаішілік қатынастарда автомобиль жолдары бойынша жүк автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызмет түрі;

3) тасымалдау қызметімен айналысатын субъектілердің шаруашылық-қаржылық жағдайы және олардың жолаушыларға қызмет көрсету мүмкіндігі әлеуметтік маңызды тасымалдауды ұйымдастырушылардың талаптары мен шартына сәйкес залалды кәсіпорындарға жәрдемқаражат беру жөніндегі өздерінің міндеттерін толық орындауына байланысты.

2. Келісімнің 1-тармағында белгіленген шартқа сүйене отырып Министрлік міндетіне алады:

1) жолаушыларды автомобильмен тасымалдау, жүктерді автомобильмен тасымалдау саласының жағдайына мониторинг жүргізеді және Жұмыс берушілер мен Кәсіподақ өкілдерімен келісілген жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау, жүктерді автомобильмен тасымалдау саласының нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру туралы ұсыныстар дайындауды;

2) жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау және жүктерді автомобильмен тасымалдау саласындағы проблемалық мәселелерді шешу үшін Жұмыс берушілердің арыз-өтініштері бойынша уақытылы шара қабылдауды;

3) ұсынылған өкілеттігі шегінде аумақтық атқару органдарының кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің құқығын бұзатын және (немесе) заңды мүддесіне қысым келтіретін, немесе қосымша қаржылық және басқа да шектеулер салатын кез-келген әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) алдын алуды және жолын кесуді, сонымен қатар өздері де көрсетілген әрекеттерді жасаудан тартынуды.

3. Министрлік жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдауға, жүктерді автомобильмен тасымалдауға жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетуді міндетіне алады, оның ішінде аумақтық атқару органдарының жауапкершілігі мен пәрменді құқықтық бақылау механизімін дайындау арқылы төмендегі мәселелерді шешуде:

1) әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша маршруттарға қызмет көрсетумен байланысты, олардың келтірген залалдарын (шығындарын) тасымалдаушыларға толық өтеген жағдайда әлеуметтік маңызды

жолаушыларды автомобильмен тасымалдауға жергілікті бюджет қаражатынан жәрдемқаражат бөлуге;

2) облыстық (республика маңызындағы қала, астана), аудан (облыстық маңызындағы қала) мәслихаттарының шешімімен тұлғалардың жеке санаттарына тасымалдаумен байланысты берілген көліктік қызмет жеңілдіктерімен байланысты, тегін жүру құқықын қоса алғанда, келтірген залалға толық көлемде өтемақы төлеу;

3) қоғамдық автомобиль көлігі саласында мемлекеттік заңды тұлғалардың және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі заңды тұлғалардың қатысу үлесін қысқарту;

4) жүктерді автомобильмен тасымалдаудың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

4. Министрлік жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау, жүктерді автомобильмен тасымалдау саласындағы мамандардың кәсіби стандарттарын дайындау мен келісуге, сонымен қатар осы Келісімнің талаптарына сай салаға басқа да қолдау көрсету шараларын қабылдауға қатысуды міндетіне алады.

5. Жұмыс берушілердің өкілдері осы Келісім аясында жергілікті атқару органдары жолаушылар тасымалдайтын автокәсіпорындарға субсидияны Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» және 2003 жылғы 4 шілдедегі «Автомобиль көлігі туралы» Заңдарының, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация Министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы №614 бұйрығымен бекітілген Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесі (ары қарай - Тарифтер есептеу әдістемесі), Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму Министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы №883 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары (ары қарай - Субсидиялау қағидалары) талаптарына сай толық көлемде төлеген жағдайда төмендегі міндеттерді өзіне алады.

6. Жұмыс берушілердің өкілдері осы Келісімнің 5-тармағында көрсетілген талаптарды ескере отырып, еңбекақы төлеу, еңбек қатынастары, еңбек және демалыс режимі жүйесінің негізгі қағидалары саласында төменде көрсетілгендерді орындауға міндетті:

1) жолаушылар тасымалдайтын автокәсіпорындар жұмысшыларының еңбекақысын Тарифтер есептеу әдістемесінде белгіленген деңгейде қамтамасыз ету мәселесін айқындауға;

2) ұжымдық шарттар жасалған жағдайда, онда жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшерін және тарифтік кестелердегі разрядаралық коэффициенттердің ең төмен мәндерін көздеуге;

3) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге еңбек жағдайының зияндылығы мен

өндірістік объектілерді қауіптілік деңгейі бойынша жіктелетін еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері бойынша ақы төлеуді жүргізуге;

4) қызметкерлерді демалыс және мереке күндері жұмыстарды орындауға еңбек заңнамасында және ұжымдық шарт жасалған жағдайда, ұжымдық шартта қарастырылған жағдайларда ғана тартуға;

5) автомобиль көлігі кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысшыларын мемлекеттік наградаларға және Министрлік ведомствалық наградаларына ұсыну мәселесін айқындауға;

6) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзге құқықтық нормативтік актілеріне сәйкес қосымша ақылар мен үстемелерді төлеу мәселесін айқындауға;

7) демалыстардың ұзақтығын, берілуін, ақы және өтемақы төленуінің талаптарын еңбек, ұжымдық шарттарда белгілеуге, егер ол жұмыс берушімен жасалған және актілерде көрсетілген жағдайда;

8) негізгі жұмысынан босатылмай басқа қызметкерлерді олардың біліктілік деңгейін көтеретін екінші бір мамандыққа оқытуға тартылатын білікті қызметкерлердің жұмысына ақы төлеуге;

9) оқуда, біліктілігін көтеру немесе қайта даярлауда болған кезең ішінде қызметкердің бұрынғы жұмыс орнын (лауазымын) және еңбекақысын сақтауға.

7. Жұмыс берушілердің өкілдері осы Келісімнің 6-тармағында көрсетілген талаптарды ескере отырып, жұмыстан босатылғандарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында төменде көрсетілгендерді орындауға міндетті:

1) жұмыс орындарын қысқартуға немесе еңбек жағдайларының нашарлауына әкеліп соғатын: кәсіпорындарды таратқанда, құрылымдық бөлімшелерді қысқартқанда, меншік нысанын өзгерткенде, Жұмыс берушінің (меншік иесінің) бастамасы бойынша өндірісті толықтай немесе ішінара тоқтатқанда Кәсіподақты алдын ала (кем дегенде бір ай бұрын) хабардар етуге және қызметкерлердің әлеуметтік, еңбек құқықтары мен мүдделерін сақтауға қатысты барлық мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге;

2) жұмыстан босатылатын қызметкерлерді тиісті қайта даярлаудан өткендерді бос жұмыс орындарына басымдылықпен орналастырылуын қамтамасыз ету. Ұйымның қаражаты есебінен қызметкерлердің қайта мамандануын (басқа кәсіптерге оқыту), оқу кезінде олардың орта еңбекақысының жетпіс бес пайызын төлеу арқылы жүзеге асыру;

3) штат санын қысқартқан кезде жұмыста қалдырудың артықшылық құқығы:

а) жалғыз асыраушы болып табылатын қызметкерлерге;

б) төрт және одан көп баласы бар көпбалалы отбасылардың ата-аналарына;

в) автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау ұйымдарында: ерлерге - кем дегенде 25 жыл, әйелдерге - 20 жыл жұмыс істеген қызметкерлерге;

г) Министрліктің ведомствалық наградаларымен марапатталған жұмысшыларға.

Қызметкерлер штаты ұлғайтылған кезде соңғы алты ай ішінде штаттың қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге, бар бос орындар туралы оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабар беріледі (егер қызметкер жазбаша хабарламаны алғаннан кейін он күн ішінде ұйымға жүгінбесе, ол жұмысқа орналасудың артықшылық құқығынан айырылады).

4) штат қысқартылған жағдайда саланың бөлімшелеріндегі жұмысқа еңбек шарттары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағының 4), 5), 8-18), 21), 22), 23), 24) және 25) тармақшаларымен қарастырылған негіздер бойынша бұзылатын қызметкерлерден басқа автомобиль көлігімен жолаушылар немесе жүктер тасымалдау саласында кем дегенде 20 жыл жұмыс істеген, жасы бойынша зейнеткерлікке шығу құқығының басталуына дейін үш жыл қалған қызметкерлерге кепілдік беруге;

5) мерзімді әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақыртуға жататын қызметкерлерге жергілікті әскерге басқару органдарының шақырылуы туралы шақыру қағазы болған кезде медициналық комиссия өту кезеңінде жұмыс орны бойынша жұмыс орнын (лауазымын), еңбек ақысын сақтауға, ал мерзімді әскери қызмет немесе әскери жиындар өту кезеңінде еңбекақысы сақталмайтын демалыстар беруге.

8. Жұмыс берушілердің өкілдері осы Келісімнің 6-тармағында көрсетілген талаптарды ескере отырып, еңбек шарттары мен еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласында төменде көрсетілгендерді орындауға міндетті:

1) қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып персоналды еңбекті қорғауға оқытуға, кешенді дайындауға және еңбекті қорғау мен қауіпсіздік жөніндегі білімін, құқықтық мәдениетті көтеруге, өндірістік жаракаттанушылықты және кәсіби ауруларды төмендетуге бағытталған іс-шараларды қаржыландыру жөнінде шаралар қабылдауға;

2) өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге;

3) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

4) Кәсіподақ тарапынан еңбек қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы жағдайына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға;

5) жұмыс орындарында санитарлық нормаларға сәйкес салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және қызметкерлерді жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайлары қамтамасыз етілмеген жағдайда міндеттерін орындауға тартпауға.

9. Жұмыс берушілердің өкілдері осы Келісімнің 6-тармағында көрсетілген талаптарды ескере отырып, еңбек шарттарын жасаған жағдайда, әлеуметтік кепілдік саласында төменде көрсетілгендерді орындауға міндетті:

1) ұжымдық шарттарды әзірлеу кезінде әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер беру саласында бірыңғай саясатты жүзеге асыруға;

2) ұжымдық шарттарда қайтыс болған жұмысшылар мен зейнеткерге-отбасыларына олардың салада жұмыс істеген уақытын ескере отырып материалдық көмек көрсету жөніндегі шараларды (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, жерлеуге арналған кенілдіктердің ақысыз көрсетілетін қызметтер мен жәрдемақылардың тізбесіне қосымша) қарастыруға;

3) уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша еңбек, ұжымдық шарттарда көзделген, алайда заңнамамен белгіленгеннен кем емес мөлшерлерде әлеуметтік жәрдемақылар төлеуге;

4) ұжымдық шарттарда зейнеткерлікке шыққан қызметкерлерге материалдық көмек көрсету тәртібін, мөлшерін белгілеу және әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін айқындауға;

5) бірінші және екінші топ мүгедектігі, зейнеткерлік жасқа толуы бойынша зейнеткерлікке шығуына байланысты жолаушыларды тасымалдау автокөлік кәсіпорындарынан жұмыстан босатылған кезде қызметкерлерге біржолғы жәрдемақыны, оның салада жұмыс істеген уақытын ескере отырып төлеуге;

Бір жолғы жәрдемақыны төлеу шарттары мен мөлшерлерін ұжымдық шарттарда қарастырылсын.

10. Кәсіподақ Келісім тараптарының өзара түсіністігі пен сенімі негізінде әлеуметтік серіктестікті дамытуға міндетті, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларын, жарғының ережелерін, кәсіподақ органдарының шешімдерін сақтауға;

2) шарт жасалған жағдайда, ұжымдық шарттар, салалық, өңірлік келісімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) мен кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Бас келісім бойынша міндеттемелерді орындауға;

3) өкілеттіктер шегінде әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;

4) кәсіподақ мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

5) кәсіподақ мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздері, сондай-ақ ұжымдық шарт ережелері бойынша сауаттылығын арттыру, келіссөздер жүргізе алу және еңбек дауларында пәтуаға қол жеткізу дағдыларын дамыту жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;

6) қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына ықпал етуге;

7) жарғыда айқындалған шарттарда және тәртіппен кәсіподақ мүшелерінің жарналарының және басқа да ақшалай қаражаттың түсуі және жұмсалуы туралы ақпарат беруге;

8) кәсіподақ мүшелері болып табылмағанын жұмыскерлердің мүдделерін, олардың жазбаша өтініштері негізінде, кәсіподақ мүшелеріндей тең құқықта қорғауға;

9) сайланған немесе қайта сайланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге сайланбалы кәсіподақ органдарының негізгі жұмысынан босатылмаған мүшелері туралы ақпарат беруге міндетті;

10) Кәсіподақ мүшелерінің тіршілік деңгейін көтеруге, жұмыс уақыты мен демалу уақыты режимін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауға, жұмыстан шығару және жұмыспен қамту және кәсіподақ жұмысының басқа да бағыттағы мәселелері бойынша олардың мүдделері мен әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғауға;

11) осы Келісім орындалған жағдайда өндірісте еңбек қақтығыстарына және жұмыстың тоқтатылуына жол бермеуге;

12) салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысты жүргізуге, қызметкерлердің, мүгедектердің санаторлық-курорттық емделуін, сондай-ақ сала жұмысшылары балаларының демалуы мен сауықтырылуын қамтамасыз ету ықпал етуге;

13) өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларының жасалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеруге, оларды болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысуға, зардап шегушілердің негізсіз айыпталуына жол берілмесін.

14) еңбек міндеттерін орындауына байланысты алған жарақаттан немесе денсаулығына келтірілген басқа зақымданулардан қызметкерге келтірілген зиянды Жұмыс берушінің уақтылы және толық өтеуі мәселелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес біржолғы жәрдемақыны төлеу мәселелерін шешкен кезде зардап шеккен қызметкерлерге және өндірісте қаза болғандардың отбасыларына ақысыз кеңес беруге және құқықтық көмек көрсетуге;

15) Кәсіподақтың еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын өкілдерін оқыту, осы саладағы жұмыстың оң тәжірибесін зерделеуге және таратуға;

16) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмысын жетілдіруге;

17) мемлекеттік билік органдарында, Жұмыс берушінің алдында, сот және басқа органдарда Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сотқа талап арыздарын беруге, прокуратура алдында Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін нормативтік және құқықтық актілерге наразылық білдіру туралы өтінуге;

18) Кәсіподақ мүшелеріне Кәсіподақ қаражатынан ұйымдастырушылық, консультативтік, құқықтық және материалдық көмек көрсетуге;

19) Министрлік өкілдеріне және Жұмыс берушілерге Кәсіподақтың Келісімде көзделген міндеттемелерін орындағаны туралы қажетті ақпаратты беруге.

11. Аумақтық Кәсіподақ ұйымдары және сала кәсіпорындарындағы ұйымдар:

1) Жұмыс берушілер өкілдеріне еңбек тәртібін нығайту, ұжымдық шарт жасалған жағдайда, жұмысшылардың оның ережелерін сақтау мәселелері бойынша көмек көрсетеді;

2) ұжымдық еңбек дауларын шешу кезінде барынша табыстыру рәсімдерін, еңбек арбитрадын, делдалдықты пайдаланады;

3) Министрлік пен Жұмыс берушілер өкілдері осы Келісім бойынша өзіне қабылдаған міндеттерін орындаған жағдайда ереуіл өткізудің алдын алу үшін шаралар қабылдайды;

4) Министрлік пен Жұмыс берушілер өкілдерін Кәсіподақ органдарының алқалық шешімдері туралы ақпарат береді, жаспарланған ұжымдық әрекеттер туралы уақытында ескертеді;

5) қалыпты жолаушылар және жүк автомобиль тасымалдары барысын өзгертуге әкелетін ереуіл қозғалыстарын, акцияларды және басқа да әрекеттерді ұйымдастыруға мүмкіндігінше тосқауыл қоюға. Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайда жұмысшылар өкілдері тек татуластыру рәсімдерін өткізгеннен кейін жұмысшылар алдын алу төтенше сипаттағы (аштық жариялау, жұмысты тоқтату және (немесе) жартылай тоқтату, жұмысқа шықпау және тағы басқа жағдайлар) шаралар қабылдай алады.

3-бөлім. Кәсіподақ қызметінің кепілдері

12. Министрлік пен Жұмыс берушілер өкілдері Кәсіподақ бөлімшелері құрылған жағдайда, олардың қызмет етуі үшін келесі кепілдіктерді сақтауға міндетті:

1) Кәсіподақ құқығын сақтауға, Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес кәсіподақ ұйымдарының қалыпты жұмыс жасауы үшін қажетті жағдай жасауға;

2) Министрлік өкілдері мен Жұмыс берушілердің Келісімде қарастырылған міндеттемелерін орындағаны туралы қажетті ақпаратты Кәсіподаққа ұсынуға;

3) кәсіподақ органдарына жұмыс істеу үшін бөлме, жиһаз, оргтехника және байланыс құралдарын тегін беруге;

4) Кәсіподақ мүшелерінің жазбаша келісімі бойынша бухгалтерия арқылы олардың мүшелік жарналарын ұстауға және оны бірден еңбекақымен бірге Кәсіподақтың есеп шотына аударуға;

5) егер мұның алдында кәсіподақ ұйымында жұмыс істесе оның жолаушылар және жүктер автомобиль көлігі саласында жұмыс істеген өтілі салалық кәсіподақ ұйымындағы жұмыс уақытына есептеуге;

6) сайланбалы кәсіподақ органдарының негізгі жұмыстан босатылмаған мүшелеріне олардың қоғамдық міндеттерін орындауына орташа еңбекақысын сақтай отырып, жұмыстан бос уақыт беруге (қоғамдық міндеттерді орындауға уақыт беру тәртібі ұжымдық шарттармен белгіленеді);

7) өндірістік жұмыстан босатылмаған кәсіподақ органдарының басшылары жоғары тұрған кәсіподақ органының алдын ала келісімінсіз бас жұмысқа ауыстырылмайды, тәртіптік жазаға тартыла алмайды.

Кәсіпорындардың толық таратылған немесе қызметкердің заң жүзінде жұмыстан шығарудың мүмкіндігі ескерілген, жазалы әрекет жасаған жағдайларынан басқада, оларды сайлау өкілеттіктері аяқталғаннан кейін бір жылдың ішінде әкімшіліктің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға жол берілмейді.

8) кәсіподақ органдарында сайланбалы лауазымдарға сайлану салдарынан өндірістік жұмыстан босатылған қызметкерлерге олардың сайлану өкілеттіктері аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысы (лауазымы) немесе соған пара-пар жұмыс беруге;

9) делегаттарға, сайланбалы кәсіподақ органдарының өндірістік жұмыстан босатылмаған мүшелеріне поездың жол жүру құжаттарына ақ төлеуге және конференцияларға, кәсіподақ съездеріне қатысуға байланысты іссапарлық шығыстарының өтелуін қамтамасыз етуге міндеттеме алады.

4-бөлім. Автомобильмен тасымалдау саласындағы

бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарау тәртібі

13. Министрлік автомобильмен тасымалдау саласындағы бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды дайындау мен жүзеге асырудың үйлестірушісі болып табылады.

14. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеудің, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің бастамашысы болуға Келісім Тараптарының кез келгені құқылы.

15. Саланың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының мазмұны бойынша ұсыныстарды Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия (әрі қарай – Комиссия) қарайды, ол келісілген ұстанымды түпкілікті әзірлеу үшін ұжымдық келіссөздер мен өзара консультациялар жүргізеді.

5-бөлім. Салада әлеуметтік серіктестікті және диалогты дамыту

16. Тараптар әлеуметтік-еңбек серіктестігі мәселелері, Келісімнің орындалу барысы туралы ақпаратты, еңбек, кәсіби, әлеуметтік құқық және жұмысшылар мүддесіне қатысты қабылданған шараларды, осы мәселелер бойынша өзара кеңес берулерді, еңбек заңнамаларын сақтауға бақылау жүргізу туралы ақпараттарды толық және уақытында бір-біріне ұсынады.

17. Тараптар сала жұмысшыларының еңбек қатынастары мен әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде оның мүмкіндіктерін неғұрлым тиімді пайдалану үшін әлеуметтік серіктестікті одан әрі дамытуды қамтамасыз ету қажет деп санайды және осы бағыттағы әріптестік барысында өзіне келесі міндеттерді алады:

1) тұрақты жұмыс істейтін салалық Комиссия құру;

- 2) Комиссияның Тараптардың мүдделерін келісудегі рөлін көтеруге бағытталған шараларды іске асыру;
- 3) әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша кеңес беруді тұрақты жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) Комиссияның әлеуметтік-еңбек және олармен байланысты экономикалық қатынастар мәселелері жөніндегі жобалар мен өзге нормативтік құқықтық актілерді дайындау мен талқылауға қатысуына қатысты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі нормаларының орындалуын, олар бойынша Комиссия пікірін есепке алу;
- 5) Келісімнің орындалуы және оның мазмұнын нақтылануы;
- 6) Комиссияның өкілеттіктерін айқындау және кеңейту;
- 7) ұжымдық шарт пен келісім жасалған жағдайда, ұжымдық шарт пен келісімнің орындалмағаны үшін жауапкершілікті күшейту;
- 8) әлеуметтік серіктестік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын, әлеуметтік еңбек қатынастарын шарттық реттеу мен ұжымдық еңбек дауларын шешуді тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды дайындау жөніндегі бірлескен жұмысты жалғастыру;
- 9) әлеуметтік серіктестік жүйесін және оның салалық және өңірлі деңгейлердегі институттарын дамытуға жәрдемдесу.

6-бөлім. Әлеуметтік-еңбек дауларын және ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі шаралар

18. Тараптар Келісімнің қолданыс кезеңінде ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдердің пайда болуын туғызуы мүмкін себептер мен жағдайлардың алдын алу шараларын қабылдауға уағдаласты.

19. Тараптар еңбек дауларын тек бітістіру рәсімдері жолымен шешуге және олардың кейіннен заңсыз деп танылуы мүмкін іс-қимылдарға жол бермеуге міндет алды.

20. Тараптар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, жұмыс берушінің актілерінде, ұжымдық шарттарда, егер ол қабылданған болса, қарастырылған талап пен тәртіпте жолаушылар және жүктер автокәсіпорындар қызметкерлерімен тікелей де және олардың өкілдері арқылы да әлеуметтік - еңбек қатынастары мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, ұсыныстарды қарайды, келіссөздер жүргізеді және кеңес береді.

7-бөлім. Біліктіліктің салалық шеңберін бекіту тәртібі

21. Автомобиль көлігі саласындағы Біліктіліктің салалық шеңберін (бұдан әрі - БСШ) Министрлік пен Жұмыс берушілер өкілдері, Кәсіподақ бірлесіп әзірлейді және қайта қарайды.

22. БСШ жобасын әзірлеу үшін Министрлік құрамына Жұмыс берушілердің өкілдері мен Кәсіподақ кіретін жұмыс тобын құрады.

23. Жұмыс берушілердің өкілдері мен Кәсіподақ БСШ жобасын жоба келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды және келіседі немесе тиісті қорытынды ұсынады.

24. Біліктіліктің салалық шеңберін Комиссия бекітеді.

8-бөлім. Келісімнің орындалу барысын бақылау

25. Осы Келісімнің орындалуын Комиссия бақылайды.

26. Комиссия жылына кем дегенде бір рет Келісімнің орындалу барысын қарайды және нәтижесін салалық газетте жариялайды.

27. Келісімнің бұзылу фактілері анықталған жағдайда Комиссия оған жол берген тұлғаларға бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нысанда ұсыныстар жолдайды.

Тараптар 7 күннен кешіктірмей өзара кеңес алмасады және Келісімге толықтыру болып табылатын жазбаша түрде шешім қабылдайды.

9-бөлім. Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуына тараптардың жауапкершілігі

28. Келісімге қол қойған әрбір тарап өздерінің өкілеттіктері шектерінде өз жауапкершілігін мойындайды және пайда болатын проблемаларды және (немесе) қарама-қайшы пікірлерді шешуде ынтымақтасуға міндеттеме алады.

29. Осы Келісім бойынша міндеттемелердің бұзылуына және орындалмауына кінәлі лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

10-бөлім. Келісімді қолданылу мен орындалу шарттары

30. Осы Келісім қазақ және орыс тілдерінде, бірдей заңды күші бар, әр тарапқа бір-бірден берілетін, 5 данада дайындалады.

31. Келісім 2024 жылы 1 маусымнан күшіне енеді және 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болады.

32. Келісім мәтіні Министрлік пен Кәсіподақ органдарының, сонымен қатар Жұмыс берушілер өкілдерінің (интернет-ресурсы бар болған жағдайда) интернет-ресурстарында жарияланады.

33. Келісім қолданыста болған кезеңде Келісім ашық және оған жұмыс берушілердің немесе бірлестіктердің (одақ, ассоциация) өкілдері ретінде, сонымен қатар Келісімді жасаған кезде Жұмыс берушілер өкілдерінің құрамына кірмейтін, жолаушылар және жүк автомобиль тасымалдары саласында қызмет ететін кәсіпкерлік субъектілері ретінде қатыса алады.

34. Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу жазбаша қазақ және орыс тілдерінде Келісімге қосымша ретінде дайындалады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

35. Жұмысшылардың әлеуметтік-еңбек жағдайын жақсартатын Келісім қолданыста болған кезде қабылданған еңбек ету құқығы мен әлеуметтік қорғау нормалары бар заңдар мен нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енген сәттен бастап Келісімнің тиісті тармақтарының әрекет ету аясын кеңейтеді.

36. Тараптардың ешқайсысы келісімнің кез келген тармағының қолдануын біржақты тәртіппен өзгертуге немесе тоқата тұруға құқылы емес.

Келісімді өзгерту және оған толықтырулар туралы бастамашылық ұсыныстар Тараптардың кез келгені енгізеді және барлық басқа Тараптарға жіберіледі. Жазбаша ұсыныс алған Тараптар күнтізбелік он күн ішінде ұсынысты қарауға және келіссөздерге кірісуге міндетті.

37. Келісімді өзгерту және оған толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды тараптардың кез келгені енгізе алады, Комиссия қарайды және Министрлік, Жұмыс берушілердің және Кәсіподақтың өкілдері бірігіп шешімімен қабылданады және Келісімге қосымша түрінде ресімделеді.

Қызметкердің жағдайын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен салыстырғанда нашарлататын Келісімнің ережесі жарамсыз деп танылады және қолдануға жатпайды.

38. Министрліктің, Жұмыс берушілердің және Кәсіподақтың өкілдерінің атауының өзгеру, қайта құрылуы, автомобиль көлігі кәсіпорындары мен (немесе) олардың бірлестіктерінің меншік иелерінің және басшыларының өзгеруі осы Келісімнің қолдасын тоқтатпайды.

39. Тараптар Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін (2026 жылғы 30 қыркүйек) үш айдан кешіктірмей осы Келісімді ұзарту және (немесе) жаңа Келісімді әзірлеу және жасасу жөніндегі келіссөздерді бастауға келіседі.

Осы Келісімге қол қойғандар:

**Қазақстан Республикасының
Көлік вице-министрі**

**«Қазақстан Республикасының
автокөлікшілер одағы» ЗТБ
бас директоры**

**«Қазақстан Автомобиль Конвенті» ЗТК
президенті**

**«Қазақстан Республикасы
Халықаралық автомобильмен
тасымалдаушылар одағы» ЗТБ
президенті**

**«Астана қаласының жолаушылар
тасымалы қауымдастығы» ЗТЖКБ
төрағасы**

**«YNTYMAQ» орта және шағын бизнес
жұмыскерлерінің қазақстандық салалық
кәсіптік одағы» РҚБ төрағасы**

М.К. Қалиақпаров

С.Ш. Аманбаев

М.Б. Берқалиев

М.А. Сақтағанов

Б.И. Байжаханов

Т.М. Шанмов

УД Д Елбек астана халыктык
дережесиник карточка кыткычтары
2021 жылга 23 сентябрьде АНОБ тирке
Б. Бердугалиев

**Отраслевое соглашение по социальному партнерству
в сфере автомобильного транспорта Республики Казахстан
на 2024-2026 годы**

Мы:

Министерство транспорта Республики Казахстан (далее - Министерство), объединение юридических лиц «Союз автотранспортников Республики Казахстан», объединение юридических лиц «Союз международных автомобильных перевозчиков Республики Казахстан», ассоциация юридических лиц «Автомобильный конвент Казахстана», объединение юридических лиц и индивидуальных предпринимателей «Ассоциация пассажирских перевозок города Астана» (далее – представители Работодателей), каждый из которых выступает самостоятельно от имени и в интересах входящих в него предприятий автомобильного транспорта и их объединений,

республиканское общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников среднего и малого бизнеса «ҮНТҮМАҚ» (далее - Профсоюз),

именуемые в дальнейшем «Стороны», в лице своих нижеподписавшихся уполномоченных представителей, действующих на основании соответствующих учредительных документов,

руководствуясь положениями пункта 2 статьи 152 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года, заключили настоящее Отраслевое соглашение по социальному партнерству в сфере автомобильного транспорта Республики Казахстан на 2024-2026 годы (далее - Соглашение).

Раздел 1. Общие положения

Настоящее Соглашение является основным документом социального партнерства сторон и устанавливает:

1) общие принципы проведения сторонами согласованной социально-трудовой политики, направленной на повышение эффективности государственного правового и организационного регулирования отрасли регулярных пассажирских автомобильных перевозок, автомобильных перевозок грузов, совершенствование работы автобусных парков, автовокзалов, автостанций и других автопредприятий, повышение жизненного уровня и усиление защиты социально-экономических и трудовых прав работников отрасли;

